

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі
2026 жылғы 23 қаңтар, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының
өкілдері!**

Құрметті журналистер!

Қайырлы күн.

Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені **18% деңгейінде сақтау** туралы шешім қабылдады. Бұл шешім инфляцияның ағымдағы динамикасын, оның факторлары мен тәуекелдер балансын ескере отырып қабылданды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша инфляция **12,3%** дейін жеделдеді. Инфляцияның ең жоғары деңгейі 2025 жылдың қыркүйек айында қалыптасып, **12,9%** болды. Алайда, қараша айымен салыстырғанда, желтоқсанда баға өсімінің қарқыны бәсеңдей бастады. Бұл үрдіс, ең алдымен, азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер нарығында байқалды. Оған **ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты, тарифтердің әкімшілік** тарапынан төмендеуі және инфляцияға қарсы **басқа** шаралар әсер етті.

Дезинфляцияның кейбір белгілеріне қарамастан экономикадағы баға қысымы жоғары болып отыр.

Азық-түлік инфляциясы қарқын алып, салық реформасынан және қосымша құн салығындағы өзгерістерден халық пен бизнестің инфляциялық күтулері өсті. Ал базалық жылдық инфляция әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Осы факторлар бірігіп, инфляцияның тұрақты сипаты мен баға процестерінің инерциясын көрсетті.

Елде экономикалық белсенділік жоғары. Халықтың табысы төмендеп, тұтынушылық кредиттеу азайса да, ішкі сұраныс жоғары деңгейде сақталып отыр.

Азық-түліктің әлемдік бағасы соңғы айларда төмендесе де, алдыңғы жылғы көрсеткіштердей жоғары деңгейде қалды, ал төмендеу қарқыны әлсіреп келеді.

Қазіргі инфляцияның динамикасы, халықтың өзгерістерді күтуі және ішкі сұраныс қарқыны инфляцияның тұрақтануына қарамастан проинфляциялық факторлардың басым екенін көрсетеді. Проинфляциялық тәуекелдер басқа факторлармен бірге ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілуі мен салық төлеушілер санының артуын көздейтін ауқымды салық реформасының қалай іске асатынына да байланысты. Алдағы тоқсандарда бизнестің осы өзгерістерге қалай бейімделетінін мұқият бақылау маңызды. Сондай-ақ, бірінші тоқсаннан кейін қайта жанданады деп күтіліп отырған тарифтер мен қайта қаралған бағалар инфляцияға қалай әсер ететінін қадағалау қажет.

Мұндай кезде дезинфляциялық траектория тұрақты қалыптасты деп айта алмаймыз. **Инфляцияны үнемі төмендетіп отыру үшін қалыпты қатаң ақша-кредит**

шарттарын сақтау қажет. Үкіметпен бірге Бірлескен іс-қимыл бағдарламасындағы және Инфляцияны бақылау мен төмендету шараларының кешеніндегі инфляцияға қарсы шараларды жүргізген дұрыс. Ақша-кредит саясатының бағыты өзгермейді: базалық мөлшерлеме 2026 жылдың бірінші жартысында жоғары ықтималдықпен қазіргі деңгейінде сақталады. Ол инфляцияны төмендету және оның тұрақты баяулауын орнықтыру үшін қажет.

Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

2025 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша жылдық инфляция 12,3%-ке дейін баяулап, Ұлттық Банктің болжамына сай қалыптасты.

Осы позитивті көрсеткішке қарамастан, инфляция екі мәнді деңгейде сақталып, экономикадағы инфляциялық қысым инерциялық сипатты көрсетті.

Азық-түлік инфляциясы – баға қысымының негізгі бөлігі. Желтоқсанда ол 13,5%-ке өсті.

Ал азық-түлік бағасының динамикасы кейбір тауар нарығындағы белгілі бір дисбалансқа байланысты біркелкі қалыптаспады.

Алдымен ет пен ет өнімдерінің нарығына тоқталуға болады. Бұл сегментте бағаның жылдық өсімі 22,6%-ке жетіп,

2012 жылғы қаңтардан бергі ең жоғары деңгей тіркелді. Сондай-ақ қой еті, кондитерлік өнімдер, түсті қырыққабат, алма, балық, жеміс-жидек, майлар мен тоңмай бағасы да тез қымбаттады. Мұның бәрі азық-түлік инфляциясын күшейтіп, жалпы инфляция деңгейіне әсер етті. Ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі, керісінше, баяулай бастады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы **11,1%-ке** дейін төмендеді. Азық-түлікке жатпайтын инфляцияның оң динамикасы айлық көрсеткіште байқалады. Бағаның өсуі қарашадағы 0,9%-ке қарағанда 0,7%-ке дейін баяулады.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция түрлі бағыттағы факторлардың әсерінен төмендеді. Оны импортты арзандата отырып, теңгенің нығаюы тоқтатты. Сол сияқты жанар-жағармай бағасының өсуі төмендегеніне қарамастан, қайта әсер етуден инфляциялық қысым қалыптасып отыр.

Қызмет көрсету саласындағы инфляция **12,0%-ке** дейін бәсеңдеді. Бұл негізінен дағдарысқа қарсы Үкімет қабылдаған шаралар аясында тұрғын үй коммуналдық қызметтердің бағасын көтеруге мораторий жариялануымен байланысты.

Дегенмен, кейбір реттелмейтін нарықтағы қызметтердің бағасы әлі де өсіп келеді. Бұған туристік қызметтер, денсаулық сақтау, тұрғын үйді жалға алу және тағы басқа қызметтер жатады. Коммуналдық тарифтерді есепке алмағандағы сервистік инфляция **12,9%-ті** құрады.

Айлық инфляцияға келсек, 2025 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша **0,9%** болды, бұл қарашадағы көрсеткіштен жоғары (0,8%).

Инфляцияның тұрақты бөлігіндегі көрсеткіштер жоғары күйінде қалды, яғни, маусымдық түзету факторлары есебінен инфляция 0,7%-тен **0,8%-ке** дейін жеделдеді, ал медианалық базалық бағалау **0,8%** деңгейінде сақталды. **Мұның бәрі экономикада инфляциялық қысымның жоғары екенін көрсетеді.**

Ал халықтың бір жылға **инфляциялық күтулері** 14,7%-ке дейін көтерілді. Нарыққа кәсіби қатысушылардың болжамдары да ұқсас динамиканы көрсетіп, 2026 жылғы инфляция болжамдары 10,0%-тен **10,8%-ке** дейін түзетілді. Ал бес жылда халықтың инфляциялық күтулері біршама төмендеп, **14,3%** болды. Бұл жақсылықтың белгісі.

Инфляцияның бәсеңдеу белгілері байқалса да, тәуекелдер балансы әлі де бағаның өсуіне ыңғай беріп тұр. Сондықтан, инфляцияның қарқынын тежеу мақсатында ақша-кредит шарттарын ұстамды қатаң қалпында сақтау қажет.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

Қазақстан экономикасы қарқынды өсіп келеді. **Жалпы ішкі өнімнің өсімі** 6,5% болды.

Экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күштерінің рөлі сақталып отыр. Жалпы ішкі өнімнің динамикасына көлік, құрылыс, тау-кен өнеркәсібі және сауда көп үлес қосып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде оң динамика байқалады.

Ішкі сұраныс тұрақты болып қалды. Оған бөлшек сауда динамикасы мен қызметтерге сұраныстың өсуі әсер етті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сауда айналымы нақты мәнде **7,5%-ке** артты. Сонымен қатар, желтоқсан айында азық-түлікке жатпайтын тауарларды сату қарқыны жеделдегенін сездік. Бұл сол кезде күтілген салық жүйесіндегі өзгерістермен байланысты деп түсінеміз.

Табыс және кредиттеу динамикасы уақытша ықпал етіп, инфляция қарқыны табыс көлеміне қысым жасап отыр. Сонымен қатар, кепілсіз тұтынушылық несиелеудің баяулағаны байқалады. Бұл, сөзсіз, оң құбылыс. 2025 жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша кредиттеу көлемінің өсімі айтарлықтай азайып, жыл басындағы көрсеткіштермен салыстырғанда, 7,3 пайызды құрады.

Инвестициялық белсенділік жоғары деңгейде қалды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар нақты мәнде 13%-ке өссе, шикізатқа жатпайтын сектордағы жеке инвестициялар 19,1%-ке дейін артты.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРА.

Сыртқы ортада инфляциялық қысымның әлсіреуі байқалды. Ол әлемдегі азық-түлік нарықтарындағы конъюнктураның жақсаруына байланысты.

Азық-түліктің әлемдік бағасы әлі де жоғары деңгейде. Сиыр етінің бағасы әлемде екі мәнді қарқынмен өсіп келеді. Дәнді дақылдар бағасы екі ай бойы көтеріліп тұр. Ал, бидай

бағасының шарықтауы Қара теңіз аймағындағы кедергілерге байланысты.

Инфляция ірі сауда-серіктесіміз **Ресейде** қатаң ақша-кредит шарттарының сақталуынан баяулап келеді. Ол ішкі сұранысты шектеп, бағаның өсуін тоқтатуға әсер етеді. **Еуроодақта** инфляция қазірдің өзінде Еуропа орталық банкінің бағасы бойынша ортамерзімді перспективада нысаналы деңгейге жақын қалыптасуға тиіс.

АҚШ-та Федералды резервтік жүйе 2025 жылы жұмыспен қамту тәуекелдерінің басым болуына байланысты пайыздық мөлшерлемені біртіндеп төмендете бастады. Ал реттеуші болса, сақтық шарасын сақтап отыр.

АҚШ пен Еуропа арасындағы сауда қарым-қатынасында жоғары **геосаяси тәуекелдер** сақталып отыр. Шиеленістің өсуі әлемдік сауда-саттық пен экономиканың бөлшектену процесіне жеткізуі мүмкін. Бұл бірте-бірте халықаралық экономикалық байланыстардың тұрақтылығын бұзып, сыртқы инфляциялық жағдайдың нашарлауына алып келуі мүмкін.

АҚШ пен Еуропа арасындағы қарым-қатынас шиеленіске жететін болса, әлемдегі экономикалық белсенділік баяулауы мүмкін. Соның ішінде шикізат тауарларына, әсіресе, мұнайға сұраныс төмендеп, жалпы энергия көздерінің бағасына әсер етуі мүмкін.

Қазір **Brent** маркалы мұнай бағасы базалық сценарийге сәйкес *(22 қаңтардағы жағдай бойынша Brent үшін фьючерстер – барреліне шамамен 65 доллар)*.

Құрметті журналистер!

2025 жылғы жағдайларға қарамастан, Ұлттық Банк Үкіметпен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, экономикадағы инфляциялық қысымды төмендету үшін қазір іске асырылатын бірқатар маңызды шешім қабылдады. Осы орайда инфляцияға қарсы тек базалық мөлшерлеме емес, басқа да құралдар маңызды рөл атқаратынына баса мән бергіміз келеді.

Егер өткен жылғы маңызды проблемаларға тоқталатын болсақ, олар:

1) **фискалдық ынталандыру көлемі**, ол Ұлттық қордан берілетін трансферттер есебінен өсті. 2025 жылы ҰҚ-дан алынғаны **5,341 трлн** теңге болды.

2) **тұтынушылық кредиттеу қарқыны** да айтарлықтай әсер етті.

Бұл проблемаларды шешу үшін **инфляцияға қарсы кешенді саясат** қабылданды. Ол 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру мен халық табысын арттыру **бірлескен іс-қимыл бағдарламасын** қамтиды.

Үйлестіру жұмысының нәтижесі – 2026 жылдан экономикаға проциклдік фискалдық ықпал етуді төмендететін **бюджеттік шоғырландыру**.

Ұлттық Банк **өтімділіктің құрылымдық профицитін қысқарту, монетарлық бейтараптыққа** көшу шараларын

қабылдады. Осы шаралардың негізгі құралдары – алтын сатып алу операцияларын **айналау** және банктер үшін **ең төмен резерв талаптарын кезең-кезеңімен қайта қарау**. Бұл банк секторының артық өтімділігін болдырмауға және балансқа келтірілген ақша-кредит шарттарын қалыптастыруға көмектесті.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп саясаттың **макро- және микропруденциялық бөлігі** күшейтілді. Проинфляциялық қысымның бір бөлігі – **тұтынушылық кредиттеуді** реттеуге көңіл бөлінді. Кредиттеу сапасына және қарыз алушылардың борыштық жүктемесіне қойылатын талаптар қайта қаралды.

Нәтижесінде кепілсіз тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқыны баяулап, 2025 жылғы 11 айда кепілсіз тұтынушылық кредит беру жылдық мәнде 7,3%-ке өсті. Біз жыл соңына дейін бұл көрсеткіш шамамен тағы 1 проценттік тармаққа төмендейді деп күтеміз. Бұл инфляция деңгейі мен номиналды ЖІӨ өсімі қарқынынан айтарлықтай төмен.

Осылайша, өткен жылғы проинфляциялық тәуекелдер қазір тоқтатыла бастады. Оның нәтижесі соңғы айларда шықты. Сонда да инфляцияның жүйелі түрде төмендегені туралы әзірге айта алмаймыз. Инфляция әлі де жоғары.

2026 жылы да ауқымды салық реформасына байланысты бірқатар **мәселе** туындауы мүмкін. Мәселен, ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі мен салық төлеушілер санын көбейту экономикалық белсенділікке қалай әсер ететіні маңызды.

Компаниялар өз шығындарын бағаларға қалай қосатыны және өз пайда маржасы есебінен қандай шешім қабылдайтыны назарда болуы керек.

Осыған байланысты 2026 жылдың бірінші жартысында бұл фактор өте маңызды саналады. Оның алғашқы және кейінгі әсерлерін мұқият қадағалау қажет.

Инфляциялық динамика **бағаны реттеу реформасын қайта бастауға** және **«Бәйтерек» ИБХ инвестициялық бағдарламасына** байланысты. Сонымен қатар, тұрғын үй коммуналдық қызмет пен жанар-жағармай саласындағы реформалардың қайта қайтпа іске қосылатынын бақылау керек. Бәйтерек бағдарламасының бағыты бойынша Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп квазифискалдық ынталандырудың инфляцияға әсерін барынша азайтуға тырысады. Оның үстіне макроэкономикалық балансты сақтау үшін квазифискалдық ынталандыруды пайдаланудың **келісілген тәсілдерін ойлап шығарады.**

Азаматтардың әл-ауқатын арттыру туралы Президент тапсырмасы бойынша **инфляцияға қарсы күрес басты мәселеге айналды.** Мұнда негізгі рөлді Бірлескен іс-қимыл жоспары мен Инфляцияға қарсы шаралар кешені атқарады. Олар **тұрғын үй коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқынын регламенттеуді, сондай-ақ ұсынысты көбейту мен өндіріс тиімділігін арттыруға** бағытталған Үкімет шараларын және басқа да маңызды қадамдарды қарастырады.

Ұлттық Банк **ақша-кредит саясаты бағытын өзгеріссіз** қалдырады. Бұл біздің инфляциялық қысымды бәсеңдетуге, бағаның тұрақты түрде баяулауына және жаңа инвестициялық цикл қалыптастыруға қосқан үлесіміз деп қабылдауға болады.

Инфляциямен күрес жолында нақты нәтижеге жету үшін **базалық мөлшерлеме қазіргі деңгейде қалады**. Егер инфляцияны төмендетуге орнықты мүмкіндік болмаса, ақша-кредит саясатын **қатаңдату тәсілі қолданылуы мүмкін**.

Ұлттық Банк инфляцияны тұрақты төмендету үшін **ақша-кредит және макропруденциялық саясат құралдарының** барлығын пайдаланады. 2026 жылғы басым бағыт – инфляцияны болжамды диапазон **(9,5-12,5%)** шегінде ұстап, оны тұрақты деңгейге жеткізу. Ортамерзімді перспективадағы мақсатымыз өзгеріссіз, ол – инфляцияны нысаналы деңгей – **5%-ке** қайтару. Ақша-кредит шарттарын соған сәйкес бейімдейміз.

Айқын және төмен инфляция – Ұлттық Банктің **экономиканың тұрақты дамуына және азаматтардың әл-ауқатының** өсуіне қосатын негізгі үлесі.

Енді Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.